

Дүниежүзі тарихы 7-8 сыныптар

10-бөлім Америка Құрама Штаттарының күшеюі

Сабақтың тақырыбы:

АҚШ-тың батыс бағыттағы аумағы қалай кеңейді?

Оқу мақсаты:


Оқу мақсаты:

7.3.1.2 - ХІХ ғасырдағы Америка Құрама Штаттары территориясының кеңею үдерісін сипаттау

- Бұл сабақта:
- АҚШ тың «Айқын болашақ»идеясы немесе оның аумағын кеңейту туралы
- «Монро доктринасы»,АҚШ тың экономикалық дамуы,құлдықты жою қозғалысы және АҚШ тың екі партиялы жүйесімен танысамыз


Тірек сөздер

- «Айқын болашақ»идеясы
- «Монро доктринасы»
- Фермерлік шаруашыылық
- Плантациялық құлдық
- Аболиционизм




Джеймс Монро

Джеймс Монро — америкалық саясат және мемлекет қайраткері, [АҚШ](#)-тың бесінші президенті (1817—1825).



States and Territories of the United States of America
March 30 1822 to November 15 1825



Томас Джефферсон

3-ші АҚШ Президенті [Луизиана](#) штатын қол қосты. «Тәуелсіздік Декларациясының» авторы

[АҚШ](#)-

XIX ғ I ж АҚШ өз аумағын қарқынды түрде кеңейтуді бастады.



1812-1814 жылдары Құрама Штаттар Канаданы Англиядан тартып алу әрекетін жасап, соғыс жариялады. Соғыс АҚШ үшін сәтсіз болды. 1814 жылы бейбіт келіссөздер нәтижесінде Гент қаласында бітімшартқа қол қойылды. Штаттар жаңа аумақтарды иелене алмады, бірақ АҚШ-тың тәуелсіздігі тағы бір рет расталды.

АҚШ Орегон, Техас сияқты жерлерді қосып алу үшін
«Айқын болашақ» идеясын қолданды.

Бұл идеяның маңызды тұсы Құрама Штаттар және олардың халқы
басқа елдерден ерекше деген қағида болды.

АҚШ мемлекетінің қағидалары



1846-1848жылдары Америка-Мексика соғысының нәтижесінде: Мексика АҚШ-қа

- Техас
- Калифорния
- Аризона
- Нью-Мексико
- Невада
- Юта
- Колорадоның бір бөлігін беруге мәжбүр болды

- ❖ 1867жылы 7миллион долларға АҚШ Ресейден Алясканы сатып алды.
- ❖ Осылайша елдің Атлантикадан Тынық мұхитына дейінгі қазіргі аумағы құрылды


Монро доктринасы - 1823 ж. АҚШ президенті Дж. Монро тарихқа «Монро доктринасы» атауымен енген жарлықты жариялады. Құжатта АҚШ Англиядағы сияқты басқарудың монархиялық формасын қаламайтындығы және оның таралуына жол бермейтіндігі туралы айтылды. Құжатта еуропалық мемлекеттердің АҚШ-тың ішкі істеріне араласпау идеясы негізделді. Доктринаға сәйкес америкалық үкімет кез келген латынамерикалық елге жасалған қастандықты АҚШ-қа жасалған соққы ретінде қабылдады. «Америка-америкалықтар үшін» деген аймақтық патриотизм қағидаты осылай жарияланды.


АҚШ-тың экономикалық дамуы

- АҚШ-та капиталистік қатынастар біркелкі дамымады.



- Солтүстік штаттарда құлдық ХІХ ғ басында жойылды.
- Оңтүстікте **1860ж 4 миллион** құлдар болды





Оңтүстіктің құлиеленушілік штаттарында плантаторлар –құлиеленушілер басшылық етті. Оңтүстікте темекі, күріш, мақта, қант плантациялары болды. Оңтүстіктің плантаторлары үнемі жаңа жерлерге мұқтаж болды. Өйткені мақта мен темекі топырақтың құнарлылығын жойып жіберді. Сондықтан батыстағы құнарлы жерлерді жаулап алуға тырысты.

Құлдықты жою қозғалысы

XIX ғ ортасында АҚШ-тағы саяси күрестегі аса шиеленісті мәселе құлдық мәселесі болды. Құлдар солтүстік штаттарға қарай қашты.

Құлдардың оңтүстіктің құлиеленушілік штаттарынан солтүстікке жөнелту әрекетімен *«Жерасты теміржолы»* жасырын ұйым айналысты.




1830-1861 жылдар осы жолмен Солтүстікке 60 мыңнан аса құл жөнелтіліп, оларға еркіндік беру мүмкіндігі туды.



Елде құлдықты жоюға байланысты жалпы ұлттық қозғалыс –аболиционизм (жою) басталды, бұл солтүстікамерикалықтардың күштерін біріктірді. АҚШ-тағы құлдықты жоюды жақтағандар-аболиционистер деп аталды.

АҚШ-тың екі партиялы жүйесі.

Екі партия арасында қарама-қайшылық



1. Тапсырма: «Ойлан»

«Монро доктринасы» қандай негізгі қағиданы дәлелдеді?

АҚШ-тың экономикалық дамуының екі жолының айырмашылығы қандай болды?

Демократиялық және республикалық партияның айырмашылығы неде болды?

✓ *2. Тапсырма: «Біліміңді тексер»*

- АҚШ-тағы «Айқын болашақ» идеясының мақсаты неде болды?
- Аболиционистер деген кімдер?
- Оңтүстік штаттардағы құлдар қандай қарсылық түрлерін қолданды?
- Неге құлдар Солтүстікке қашуға тырысты?

Пайдаланылған әдебиеттер,Видеолар мен сілтемелер:

1.Дүниежүзі тарихы Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық
Авторлары:Н.Алдабек,К.Мақашева,Қ.Байзақова

2.Монро доктринасы https://www.youtube.com/watch?v=Hq8mHq_w55Q

https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D0%BD%D1%80%D0%BE_%D0%B4%D0%BE%D0%BA%D1%82%D1%80%D0%B8%D0%BD%D0%B0%D1%81%D1%8B

3. Аболиционизм <https://www.youtube.com/watch?v=FfTufT2HNa4>

4. АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық дамуы

<https://quizizz.com/admin/quiz/5c9b3d5bfcd8c3001ae3b832/->